

**АЛҒА АУДАНЫ  
ӘКІМДІГІНІҢ БІРЛЕСКЕН  
ҚАУЛЫСЫ ЖӘНЕ  
МӘСЛИХАТЫНЫҢ  
ШЕШІМІ**



**СОВМЕСТНОЕ  
ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
АКИМАТА И РЕШЕНИЕ  
МАСЛИХАТА  
АЛГИНСКОГО РАЙОНА**

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

Алға қаласы

\_\_\_\_\_ 20\_\_ года № \_\_\_\_\_

город Алга

**Алға қаласының атаусыз  
көшелеріне атау беру туралы**

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 12 бабының 5-1 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6,31 баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді-мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» №138 қаулысына, Ақтөбе облысының әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылдың 02 мамырдағы және 01 тамыздағы қорытындылары негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысына және мәслихаттың шешіміне қосымшаларға сай, Алға қаласының «№1 Жилой массив» шағын ауданы бойынша 1 схемалық картаға сәйкес атаусыз көшеге: «Асау барақ» және 2 схемалық картаға сәйкес атаусыз көшеге «Батпақты» атаулары берілсін.

2. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысының және мәслихаттың шешімінің орындалуын бақылау Алға ауданы әкімінің орынбасары Ә.Қонжарға жүктелсін.

3. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Аудан әкімі**

**Н.Алдияров**

**Аудандық  
мәслихаттың хатшысы**

**Б.Жұмабаев**

**Аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**К.Ксупов**